

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 794 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; 2012 жылғы 1 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекеге қабілетті

кәсіпорындарды сауықтыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2012 жылғы 7 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне істерді қараудың апелляциялық, кассациялық және қадағалау тәртібін жетілдіру, сот төрелігіне сенім деңгейін арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Дауларды төреліктің және аралық соттың шешуіне беру

Соттың қарауына жататын азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын дау, тараптардың келісімі бойынша төреліктің немесе аралық соттың қарауына оған заңнамалық актілерде тыйым салынбаған кезде және осы Кодекстің 170-бабының 4) тармақшасына және 192-бабына сәйкес берілуі мүмкін.»;

2) 61-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өкілдің сотта іс жүргізу өкілеттіктері оған, талап арызға қол қоюды, істі төрелікке немесе аралық сотқа беруді не медиация жүргізу туралы келісім жасасуды, талап қою талаптарынан және талап қоюды танудан толық немесе ішінара бас тартуды, талап қоюдың нысанасын немесе негіздемесін өзгертуді, бітімгершілік келісім жасауды, өкілеттіктерді басқа адамға беруді (қайта сенім білдіру), соттың қаулысына шағым беруді, соттың қаулысын мәжбүрлеп орындатуды талап етуді, берілген мүлікті немесе ақшаны алуды қоспағанда, өкілдік берушінің атынан барлық іс жүргізу әрекеттерін жасауға құқық береді.»;

3) 79-баптың екінші бөлігінің 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) төрешінің немесе аралық судьяның міндеттерін атқаруға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – төреші немесе аралық судья;»;

4) 154-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5-1)-тармақшасымен толықтырылсын:

«5-1) тараптар арасында заңға сәйкес осы дауды төреліктің немесе аралық соттың шешуіне беру туралы келісім жасалса;»;

5) 158-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Төрелік немесе аралық сот талқылауы тараптарының ісіне қатысатын адамдардың арызы бойынша сот талап қоюды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауы мүмкін. Талап қоюды қамтамасыз етуге, егер мұндай шараларды қабылдамау сот шешімін орындауды қиындататын немесе оның орындалуына мүмкіндік бермейтін болса, істің барлық жағдайларында жол беріледі.»;

6) 160-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«160-бап. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды қарау

Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды судья жауапкерге және төрелік немесе

аралық сот талқылауы тараптарының ісіне қатысатын басқа адамдарға хабарламай, ол сотқа түскен күні шешеді. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды қарап, судья ұйғарым шығарады.» ;

7) 162-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
162-бап. Талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екінші түрімен ауыстыру

«1. Төрелікте немесе аралық сот талқылауы тараптарының ісіне қатысушы адамның арызы бойынша талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екінші түрімен ауыстыруға жол беріледі. Талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екіншісімен ауыстыру туралы мәселеге іске қатысатын адамдарға арызды қараудың уақыты мен орны туралы хабарлай отырып, сот рұқсат береді, алайда олардың келмей қалуы осы мәселені мәні бойынша қарауға кедергі келтірмейді. Талап қоюдың бір түрін екінші түрімен ауыстыру туралы судья ұйғарым шығарады;».

8) 170-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«4) тараптарға дауды шешу үшін олардың төрелікке немесе аралық сотқа жүгіну не дауды медиация тәртібімен шешу құқықтарын және мұндай әрекеттің салдарларын түсіндіреді ; » ;

9) 185-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«185-бап. Іске қатысушы адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
Төрағалық етуші іске қатысушы адамдарға және өкілдерге олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде тараптарға дауды шешу үшін олардың төрелікке немесе аралық сотқа жүгіну не дауды медиация тәртібімен шешу құқығын және осындай әрекеттің салдарларын түсіндіреді.» ;

10) 192-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«192-бап. Істі мәні бойынша қараудың басталуы
Істі мәні бойынша қарау төрағалық етушінің талап қоюшының өз талаптарын қолдайтын, қолдамайтыны жауапкердің талап қоюшының талаптарын мойындайтыны және тараптардың істі бітімгершілік келісімімен аяқтауды немесе істі төрелікке немесе аралық сотқа қарауға беруді не дауды медиация тәртібімен шешуді қалайтыны-қаламайтыны туралы мәселелерді анықтауынан басталады.» ;

11) 249-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«5) тараптар арасында бұл дауды заңға сәйкес төреліктің немесе аралық соттың шешіміне беру туралы келісім жасалса;» ;

12) 312-4-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) қайта құрылымдау көзделетін міндеттемелер бойынша талаптарды қанағаттандыру туралы соттардың, төреліктің және аралық соттардың бұрын қабылдаған шешімдерінің ; » ;

13) 312-6-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қайта құрылымдау жоспарында көзделген шаралар кешенін жүзеге асыру, орындалуына орай, қайта құрылымдалған міндеттемелер бойынша талаптарды қанағаттандыру туралы соттардың, төреліктің және аралық соттардың бұрын қабылданған шешімдері бойынша міндеттемелердің тоқтатылуына әкеп соғады;».

14) 413-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік және халықаралық ұйымдардың (бұдан әрі – шетелдік тұлғалар) өздерінің бұзылған немесе даулы болып отырған құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының соттарына жүгінуге құқығы бар.».

2. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат, 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151, 161-құжаттар; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 27-құжаттар; № 4, 31-құжат; 2012 жылғы 16 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 15 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2012 жылғы 1 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 534-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің, аралық соттың және шетел соттарының шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парақтарын беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқару парақтарының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан ; » ;

2) 535-баптың 1-тармағында :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан,

ерекше жүргізілетін істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің, аралық соттың және шетел соттарының шешімдерін мәжбүрлеп орындату үшін атқару парақтарын беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқару парақтарының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан мынадай мөлшерде мемлекеттік баж алынады:»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) аралық сот шешімдеріне шағым жасау туралы арыздардан, төрелік шешімдерді жою туралы қолдау хаттардан – Қазақстан Республикасының сотына мүліктік емес сипаттағы талап арыз берген кезде алынатын мемлекеттік баж мөлшерінен – 50 пайыз, ал мүліктік сипаттағы даулар бойынша – Қазақстан Республикасының сотына мүліктік сипаттағы талап арыз берген кезде алынатын және өтініш беруші даулап отырған сомаға негізделіп есептелген мемлекеттік баж мөлшерінен;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің, аралық соттың және шетел соттарының шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған үшін атқару парақтарын беру туралы арыздардан – 500 пайыз;»;

3) 548-баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) істі төрелікке немесе аралық сотқа жіберген;».

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; 2011 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 19 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

82-баптың 2-тармағының 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) төрешінің немесе аралық судьяның міндеттерін атқаруға байланысты өзіне

белгілі болған мән-жайлар туралы - төреші немесе аралық судья;».

4. «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 22, 328-құжат, 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; 2003 ж., № 11, 65-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 19, 88-құжат, № 24, 130-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2012 жылғы 7 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне істерді қараудың апелляциялық, кассациялық және қадағалау тәртібін жетілдіру, сот төрелігіне сенім деңгейін арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

4-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) төрелікте (сотта), аралық сотта және дауларды шешетін өзге де органдарда істі талқылауға сенім білдірушінің өкілі ретінде қатысады;».

5. «Аралық соттар туралы» 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 24, 151-құжат; 2009 ж., № 9-10, 47-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; 2012 жылғы 1 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заң, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар арасында азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған дауларға қатысты қолданылады.»;

2) 5-бапта 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тараптар нақты дауды қарау үшін аралық сотты өздерінің азаматтық-құқықтық қатынастарынан туындаған дауды шешу үшін құрады және осы дау шешілгенге дейін немесе тараптар дауды құзыретті сотқа беру туралы шешім қабылдағанға дейін әрекет ет е д і . » ;

3) 7-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Аралық соттар мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастардан туындаған, адамның өмірі мен денсаулығына, жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасы құпиясына, есіміне қатысты құқығына байланысты дауларды қарауға құқылы емес.»;

4) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

«13-1-бап. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот қызметінің шарттары

Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот өзінің аралық судьяларының тізілімін жүргізеді . Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот туралы, оның заңды мекенжайын, жұмыс регламентін қоса алғанда, аралық судьялар тізілімі туралы ақпарат жеке және заңды тұлғалардың еркін танысуы үшін жалпы ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желілеріне және бұқаралық ақпарат құралдарына орналастырылады. Аралық соттың шешімдері туралы ақпарат дау тараптарының келісімі болған кезде орналастырылады.»

6. «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 24, 152-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықаралық төрелік туралы»;

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық төреліктің қызметі процесінде туындайтын қатынастарды, сондай-ақ халықаралық төрелік шешімдерін Қазақстанда тану және орындау тәртібі мен шарттарын реттейді.»;

3) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 - б а п . Қ о л д а н ы л у а я с ы

Осы Заң, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған, халықаралық төрелік шешетін дауларға қатысты қ о л д а н ы л а д ы . » ;

4) 2-баптың 1) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) төрелік – нақты дауды қарау үшін арнайы құрылған халықаралық төрелік немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік не дауды жеке-дара қарайтын төреші;

8) төреліктің регламенті – тұрақты жұмыс істейтін халықаралық төрелік қызметінің ұ й ы м д а с т ы р ы л у т ә р т і б і ; » ;

5) 2-баптың 9) тармақшасы алынып тасталсын:

6) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық төрелік туралы з а ñ н а м а с ы

1. Қазақстан Республикасының халықаралық төрелік туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қ о л д а н ы л а д ы . » ;

7) 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тараптар төрелік келісімді тараптар арасында қандай да бір нақты азаматтық-құқықтық қатынас бойынша туындаған немесе туындауы мүмкін дауларға қатысты жасасуы мүмкін.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Егер тараптардың ең болмағанда біреуі Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, жеке және заңды тұлғалар арасында азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар тараптардың келісімі бойынша төрелікке берілуі мүмкін.»;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Төрелік мүліктік қатынастарға байланысты жоқ мүліктік емес жеке қатынастардан туындаған, адамның өмірі мен денсаулығына, жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасы құпиясына, есіміне қатысты құқығына байланысты мүліктік емес дауларды қарауға құқылы емес.»;

8) 9-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1-бап. Тұрақты жұмыс істейтін төрелік қызметінің шарттары

Тұрақты жұмыс істейтін төрелік өз төрешілерінің тізілімін жүргізеді. Тұрақты жұмыс істейтін төрелік туралы ақпарат, оның заңды мекенжайын, жұмыс регламентін қоса алғанда, төрешілер тізілімі туралы ақпарат жеке және заңды тұлғалардың еркін танысуы үшін жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желістерінде және бұқаралық ақпарат құралдарын орналастырылады. Төреліктің шешімдері туралы ақпарат дау тараптарының келісімі болған кезде орналастырылады.».

9) 29 - бапта :

2-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«төрелікте іс қараудың тарабы болып табылатын заңгерлік ұйым таратылған;».

7. «Концессиялар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 88-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 7, 29-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 20, 151-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 15-құжаттар):

27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар осы баптың 1-тармағына сәйкес шешіле алмаса, онда тараптар дауды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық төрелік туралы заңнамалық актісіне сәйкес халықаралық төрелікке жүгіну арқылы шешуге құқылы.».

8. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат) 2011 жылғы 19 қаңтардағы «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде

жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметі және сыныптық шендер, әскери және арнаулы атақтар беру, әскери қызметшілердің және өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру құқығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы):

1 1 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) төреліктің немесе аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқарушылық парақтар, - үш жыл ішінде;»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) төреліктің немесе аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілген атқарушылық парақтарды орындау кезінде, - шешім күшіне енгеннен кейінгі күннен бастап;».

9. «Кәсіптік одақтар туралы» 1993 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 8, 200-құжат; 1995 ж., № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат):

10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап Кәсіптік одақтардың мынадай құқықтары бар»

мемлекеттік және шаруашылық органдармен, қоғамдық ұйымдармен, кәсіпкерлермен және олардың бірлестіктерімен (одақтарымен, қауымдастықтарымен) өзара қатынастарда өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау, өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен сотқа талап қою, сотта, төрелікте және аралық сотта, басқа органдарда олардың мүдделеріне орап әрекет ету, оларға өзге де құқықтық көмек көрсету, заң консультацияларын және құқықтық көмек көрсететін басқа да қызметтер құру, жеке еңбек дауларын қарау және заңнамаға сәйкес ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) шешуге қатысу, келісімдер мен ұжымдық ш а р т т а р ж а с а с у ; » .

10. Қазақстан Республикасындағы «Банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28

, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат 2012 жылғы 1 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 23 қазандағы Заңы, 2012 жылғы 28 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жобалық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы) :

59-3-баптың 13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қайта құрылымдау жоспарында көзделген шаралар кешенін жүзеге асыруға байланысты банкті қайта құрылымдау тоқтатылған жағдайда, банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген міндеттемелері орындалған болып есептеледі, соттардың, төреліктің және аралық соттардың осындай міндеттемелер жөніндегі шешімдері бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылады.

11. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 4, 37-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161, 171-құжаттар; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 22-құжат; 2012 жылғы 1 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

4-баптың 1-тармағының 34) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«34) халықаралық төреліктерде және шетелдік сот органдарында мемлекеттің не тапсырыс берушінің мүдделерін қорғау мен білдіру жөніндегі консультациялық және заң қызметтерін сатып алу;» .

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК